

ҒТАХА 03.01.09

DOI: <https://doi.org/10.62724/202420105>

Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы*¹,
тарих ғылымдарының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Сарайшық 34,
alfia_b11@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-6098-7300

Жалекенова Гулбарам Тлеккабылқызы¹,
тарих ғылымдарының магистрі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Сарайшық 34,
gulya_jalekenova@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-6655-3458

ОРАЛ Өңіріндегі №12 Еңбекпен түзету колониясы

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың 30-50 жылдары Батыс Қазақстан облысындағы ГУЛАГ жүйесіне қатысты лагерлер, оның ішінде облыстық архив қорының құпия құжаттар бөлімінен табылған №12 жеке лагерлік пункт туралы құжаттарға талдау жасалған. Облыстағы Теректі ауданына қарасты Придорожный ауылында орналасқан №12 жеке лагерлік пункт пен оған қарасты құқықтық мекемелердің құрылуы мен қызметі алғаш рет зерттеліп, құпия архив құжаттары құпиясыздандырылған және тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Мақалада лагердегі кеңес билігіне қарсылық танытқандарды жаппай түрмеге қамау саясаты және олардың еңбегін кеңестік халық шаруашылығының құрылыс алаңдарында тегін «күл еңбегі» ретінде пайдалану мақсаты шынайы тұрғыда баяндалған.

Ғылыми мақаланың мазмұны бойынша БҚО мемлекеттік архивінен табылған құжаттар лагерлердегі саяси тұтқындардың жағдайы КАРЛАГ жүйесі мен БҚО №12 лагер бөлімшесінің (ИТК №12) тұтқындарының мәселелерімен салыстырмалы анализ жасалуы өте маңызды болып саналады. БҚО мемлекеттік архивінен 1947-1952 жылдар аралығындағы Қазақ КСР Ішкі істер министрлігіне қарасты №12 лагер бөлімшесінің тоқсандық, жылдық есептері, шаруашылықтың қаржылық есептері, тұтқындардың жағдайлары, тізімі, басқа да статистикалық деректер табылып, ол өңірімізде жүргізілген саяси қуғын-сүргіннің қаншалықты ауқымды әрі жоспарлы жүргізілгенін жан-жақты зерттеуге, анықтауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер. ГУЛАГ, Қуғын-сүргін саясаты, лагерлер, Батыс Қазақстан облысы, халық шаруашылығы.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020-жылдың 24 қарашасындағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» №456 Жарлығының [1] аясында атқарылған жұмыстардың нәтижесі қорытыланды. Оның ішінде Батыс Қазақстан облысы бойынша ГУЛАГ жүйесіндегі лагерлер мен олардың бөлімшелері, НКВД конторалары, карцерлер - жазалау орындары, қуғын-сүргін құрбандарының атылған, жерленген орындарын зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қазіргі кезде «ГУЛАГ» түсінігі Қазақстанның, Ресейдің және шетелдердің гуманитарлық ғылымдарында Сталиндік Кеңестер Одағының антигуманизмінің символына айналды. ГУЛАГ (Лагерлердің бас басқармасы) деген сөздің бастапқы мағынасында тек лагерьлерге қатысты екені түсінікті, алайда, жазалау жүйесінің әртүрлі элементтерін – тек лагерьлерді ғана емес, сонымен бірге олармен байланысты ішкі істер

органдары басқаратын еңбек колонияларын, арнайы қоныстар мен түрмелерді жан-жақты зерттеу өте маңызды. Толықтай алғанда, лагерлер дегенде - оның ішінде түрмеге де, жазалау, жерлеу орындарына да қатысты барлық материалдар жатады [2, 27 б].

ГУЛАГ жүйесінің үлкен тармақтарының бірі тұтастай Батыс Қазақстан аймағында қамтыды. Бұлар: Ақтөбелаг, Прорвалаг және БҚО аумағындағы жеке лагерлік пункттер мен бөлімшелер. Оның ішінде қазіргі Батыс Қазақстан облысы бойынша Ресей Федерациясымен шектесетін Тасқала, Бәйтерек, Жәнібек, Бөкей Ордасы, Бөрлі, Теректі аудандарындағы және облыс орталығы Орал қаласында орналасқан лагерлер мен лагерлік бөлімшелері жұмыс жасады. Аталған шекаралық аудандардағы Сайхинлаг, Каменлаг, Безымян лагерінің басты орталығы қазіргі Ресей Федерациясы аумағындағы Саратов, Самара, Астрахан, Волгоград облыстарындағы ресейлік лагерлер желісіне қарады. Бұл лагерлер құрылыс салаларының (өнеркәсіп, автотрассалар, теміржол, ірі өндірістердің құрылыстары т.б.) желілері бойынша жұмыс жасады.

Кеңестер Одағындағы XX ғасырдың 20-30 жылдары салынған мәжбүрлі еңбекпен түзеу лагерлерінің тұтқындарын – қалпына келтіру жұмыстарында тегін еңбек күші ретінде пайдаланды, ал ол лагерлердегі еңбекті ұйымдастыру жоспарлы түрде қолға алынды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ғылыми зерттеу жұмысын жазу барысында басты ғылыми іргелі зерттеу еңбектері қарастырылып, әдебиеттер жинақталды. Архив құжаттары анықталып, олардың мазмұнын сәйкестендіру, деректерге сипаттама беру арқылы қарастырылған. Ғылыми мақаланың тақырыбы бойынша қажетті шешімді табуға мүмкіндік беретін жүйелілік, ғылыми әдіснама, деректерді іріктеу арқылы аналитикалық және материалды синтездеу әдістері қолданылған. Қазіргі заманғы гуманитарлық ғылымның әр түрлі зерттеу әдістері ескерілген.

Нәтижелер және оларды талқылау. ГУЛАГ пен оған қарасты құқықтық мекемелер екі негізгі мақсатқа жетуді көздеді: кеңес билігіне қарсылық танысқандарды жаппай түрмеге қамау және олардың еңбегін кеңестік халық шаруашылығының құрылыс алаңдарында пайдалану. Бұл мақсаттардың әрбірі ешқашан назардан тыс қалмады, әртүрлі кезеңдердегі тепе-теңдік біреуі немесе екіншісінің пайдасына өзгерді. Айталық, көбісі әр саланың мамандары болған, кәметтік жасқа толған ер-азаматтарды уақыт өте келе өлім жазасына кесу ұтымды болмай шықты, экономикалық есептің нәтижесінде ең ауыр үкім – біртіндеп ұзақ мерзімдегі тегін жұмыс күшімен алмастырылды. Сталиндік кезеңнің осындай ГУЛАГ жүйесіндегі лагерлерінің бірі №12 жеке лагерлік бөлімше.

Теректі ауданының Придорожный поселкесінде орналасқан ИТК №12 лагері құжаттарда:

1 кесте - 1949 жылы 25 қыркүйектегі лагерь тұтқындарының контингенті

<i>1949 ж, 25 маусымдағы мағлұматтар бойынша</i>	<i>1949 ж., III кварталда лагерьге әкелінгендер</i>	<i>1949 ж, III кварталда лагерьден кеткендер</i>	<i>1949 ж, 25 қыркүйектегі мағлұматтар бойынша</i>
Ерлер-836 Әйелдер-222 Барлығы- 1058 адам	Ерлер-193 Әйелдер -28 Барлығы - 221	Ерлер-126 Әйелдер -23 Барлығы - 149	Ерлер-903 Әйелдер -227 Барлығы - 1130

1949 жылы 25 қыркүйектегі лагерь тұтқындарының категориялары бойынша саны:
I категория – 247 адам;
II категория – 555 адам;

Мүгедектер – 325 адам [3, 21-22 pp]

Ал, 1949 жылғы 26-29 желтоқсанда БҚО прокурордың көмекшісі Акчуриннің қатысуымен тексеріс өткізіліп, оның есептік қорытындасы 30 желтоқсанда АКТ ретінде НКВД-ға тапсырылған. Ондағы мағлұматтар бойынша:

Жеке лагерлік пунктiнiң 4 учаскесi бар: №1 орталық учаскесi Орал қаласында орналасқан, № 1 учаскеден № 2 учаскесi 8 километр қашықтықта, №3 учаскесi қаладан 3-4 километр қашықтықта; №4 учаске (ОЛП негiзгi өндiрiстiк учаскесi) Орал қаласынан 80-90 километр қашықтықта Теректi ауданы аумағында орналасқан.

I. Еңбекке жарамдылық категориясы бойынша:

Бiрiншi категория-178 адам, 19,7 %

Екiншi категория-461 адам, 50,37 %

Мүгедектер – 267 адам, 29,5 %

Мерзiмiн өтеушi тұтқындар барактарда орналастырылған (ерлер мен әйелдер бөлек), барактардың жалпы көлемi адам санына шаққанда тұрғын үй-жайлардың саны/барактар/тұрғын алаңы/сыйымдылығы бойынша/тиiстi шаршы метрді қамтамасыз етпейдi. Тұрғын алаңның қажеттiлiгiн есептеу кезiнде бiр адамға екi шаршы метрден есептеледi. Учаскелер бөлінісінде бiр адамға арналған тұрғын алаңмен орташа қамтамасыз етiлу былайша сипатталады:

Участок №1 1,44 кв.м.

Участок №2 1,89 кв.м.

Участок №3 1,15 кв.м.

Участок №4 1,61 кв.м.

Тұрғын жайларда медициналық стационарлар жұмыс жасайды. №1 учаскедегi стационарда 1949 жылы желтоқсанда 14 ер адам, 7 әйел ем алуда. Оның ішінде 7 ер адам туберкулезге шалдыққан.

Жалпы лагерь бойынша қарттық жасына байланысты еңбекке жарамсыз – 248 адам, яғни барлық тұтқынның 27,4 %-iн құрайды.

Қамаудағылар арасындағы мәдени-тәрбие жұмысы әңгімелесулер, баяндамалар жүргiзу, газеттердi, журналдарды күнделiктi оқу арқылы жүргiзiлiп отырған. Газеттердi оқуды осы мақсат үшiн неғұрлым сауатты және оқиғаларды түсiнетiн тұтқындар арасынан арнайы бөлінген адамдар жүргiзедi.

№ 1 учаскеде тұтқындар арасында жаппай тәрбие-қоғамдық жұмыстар (журналдар, газеттер, кiтаптар оқу, дойбы, домино, шахмат) жүргiзiлетiн клуб-қызыл бұрыш ұйымдастырылған.

Қалған учаскелерде осы мақсатқа арнайы бөлінген үй-жайлар жоқ; бұл учаскелердегi барлық көпшiлiк жұмыстар тұтқындардың барактарына шоғырландырылған.

Тұтқын - қазақтар арасында газеттер, кiтаптар мен журналдар жеткiлiктi түрде оқылмайды, қазақ тiлiндегi газеттер мен кiтаптар саны өте аз. Лагердегi тұтқын қазақтардың көпшiлiгi Батыс Қазақстан облысының жергiлiктi тұрғындары болып табылады, алайда қазақ тiлiнде шығатын облыстық «Екпiндi - Құрылыс» газетi учаскелерге уақытында түспейтiнi атап көрсетiлген құжатта..

Сонымен бiрге, тұтқындар арасында учаскелер бастықтарының баяндамалары мен әңгімелесулерi сирек өткiзiлетiнi ескертiлген. [4, 5-8 pp] .

2 кесте - №12 Лагерлік бөлімшенің қала бойынша орналасу орындары

№ №	Бөлімшелер атауы	Орны	Басшылықтан арақашықтықотдела	Байланыс жолы	Қол жетімділігізаключен ных чел	Тұрғын үй ғимаратта рының түрлері
1 1	Бөлімше №1	Орал қаласы	2760	Авто-гуж транспорт	262	Саман балшық қаптамалар
22	Бөлімше №2	Орал қаласы - қала маңы	2770		148	
33	Бөлімше №3	Орал қаласы - қала маңы	2770		336	
44	Бөлімше №4	Придорожный поселкасы, Теректі ауданы БҚО	2760		170	

[5, 41 п] 1949 жылы 25 қыркүйектегі жалпы мағлұматтар бойынша №12 Жеке лагерлік бөлімшенің базасы 873 кв.метр өзінің аумағы және 376 кв.метр жалға алынған №17 шаруашылық мекемесінің аумағын қамтыған. Барлығы лагерлік бөлімшеде 1249 кв. метр, ал адам басына шаққанда 1,14 кв метр аумақ тіркелген.

Ауыл шаруашылық негіздегі лагерлік бөлімше төмендегідей құрамда жасақталған:

а/ Лагердің Орталық усадбасы облыс орталығы Орал қаласынан 90 км жерде Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданына қарасты Придорожный поселкасында орналасқан.

б/ №2 Көбенсайдағы ауыл шаруашылық учаскесі Орал қаласынан 85 км жерде, лагердің орталық усадбасынан 16 км қашықтықта орналасқан.

в/ Қалалық лагерлік пункт Орал қаласының шеткі ауданында орналасқан.

Лагерлік бөлімше 15 022 гектар жерді алып жатыр, оның ішінде:

а/ Орталық (бірінші) учаскеде жалпы ауданы 1260 га 9 далалық бір ауыспалы егіс және ауданы 286 га бір прифермдік 7 далалық ауыспалы егістігі бар.

Сонымен қатар, жалпы ауданы 97,3 га құрайтын көкөніс өсіретін жер учаскесі бар.

Барлық егістік жер 1643,3 га аумақты алып жатыр.

б/ 1950 жылдың аяғында ашылған және салынған №2 Кубенсай учаскесінде ауданы 909 га болатын бір далалық 9 толық ауыспалы егістік және ауданы 139 га болатын бір прифермдік 7 далалық ауыспалы егістік бар.

№2 Көбенсай учаскесі бойынша егістікке жарамды жердің барлығы 1015 га. Осылайша, №12 жеке лагерлік пунктке қарасты егістік жердің жалпы көлемі барлығы – 2688,3 га.

Барлық мақсатты тың жерлерді игеру жұмыстары 1948-1951 жылдар аралығын қамтиды. НКВД лагерьлері контингентінің жұмысын ынталандыру шараларымен қатар жұмысты орындаудан бас тартқаны, жұмыста болмағаны, режимді бұзғаны үшін мәжбүрлеу және жазалау әдістері қолданылды. Тұтқындардың қашуының алдын алуға көп көңіл бөлінді. [6, 2 п].

№1,2,3,4 бөлімшелер қабырғасы саман тастардан қаланған ғимараттардан тұрады. Ғимараттарды қоршаған аулалар 4 қатардан тізілген тікенек сымдармен (колючая проволока) өрілген. Электр жарығы тек №1 және 3-ші бөлімшелерде бар. Ал №2 және №4 учаскалар керосинмен жарықтандырылады. Тұтқын әйелдер №2 учаскаға шоғырландырылған. Бұдан басқа, №4 бөлімшеде ер адамдардан оқшауланған казармада ұсталатын сауыншы әйелдерде бар.

Әрбір учасқта амбулатория жұмыс жасайды. №2, 4 учасқтарда еріктілер мен фельшерлер, ал №1 учасқта медициналық санитарлық орталық ем шараларын жүргізеді. 1948-49 жылдары тұтқындар арасында малярияға қарсы профилактикалық шаралар жүргізілген.

Әскери гвардия батальоны 1949 жылдың 25 қыркүйегіндегі деректер бойынша төрт бөлімшеде де тұрақты орналасқан. Оның жеке құрамының жалпы саны:

- 1/Офицерлер3 адам.
 - 2/ Сержанттар құрамы.....18 адам.
 - 3/ Ефрейторлар19 адам
 - 4/ Атқыштар47 адам.
 - 5/ Қорғау күзеті7 адам.
- Барлығы - 94 адам.

Оның ішінде бақылау құрамы - 11 адам. Жеке құрамдардың жұмыс уақыты 8-10 сағат. Тұтқындарды тексеру күн сайын жие жүргізіледі.

3 кесте - Тұтқындардың еңбегін пайдалану бойынша 1-6 қазандағы III кварталдағы жағдай.

<i>№</i>	<i>Есептік нысандағы өндірістің түрлері</i>	<i>Сағат саны</i>
1	Жұмыста қолданылады: оның ішінде	358 адам
а	Ауыл шаруашылығында	120 адам
б	Мердігерлік қызметте	97 адам
в	Күнделікті ұсақ-түйек құралдарын жасауда	20 адам
г	Лагерь шаруашылығында және медицина қызметінде	58 адам
д	АХП, ИТР, қоршаған ортамен және басқа да стандартты емес жұмыстарда	24 адам
е	Контингенттерге және әскери қызметшілерге қызмет көрсетуге арналған жұмыстарда және қосалқы өндірісте	14 адам
ж	Басқа да жұмыс орындарында	25 адам

4 кесте - Топтық жіктелуі бойынша

<i>Топ</i>	<i>Адам саны</i>	<i>Еңбек қызметіндегі % көрсеткіш</i>
«А»	770	87,6
«Б»	83	9,3
«В»	19	2,3
«Г»	7	0,8

Баланстан тыс контингент -194.

5 кесте - Лагерлік бөлімшедегі өндірістік еңбек көрсеткіші:

№		80-99	100	101-110	111-125	126-149	150-199
1	Мердігерлік қызмет	-	78	13	23	21	13
2	Ауыл шаруашылық	-	39	49	16	45	-

Бір күндік/сағаттық орташа өнім - 22 р. [3, 21-22]

Батыс Қазақстан облысы облыстық прокурорының арнайы істер және қамау орындарын қадағалау жөніндегі көмекшісі Акчуринов № 12 Жеке Лагерлік пунктіндегі жедел топ қызметкері лейтенант Т.Сытдықовтың және ОЛП №12 санитарлық бөлім бастығы - медициналық қызмет майоры Голубчиковтың қатысуымен 1949 жылғы 26-29 желтоқсан аралығында №12 жеке лагерь пунктінде қамаудағыларды ұстау жағдайларын тексеру қорытындылары берілген. Тексеру барысында қамаудағыларды орналастыру, еңбекке пайдалану, тамақтандыру, санитарлық-медициналық қызмет көрсету және мәдени-тәрбие жұмыстары мәселелері қамтылған.

Жеке лагерлік пунктінде 4 учаскесі бар: №1 орталық учаскесі Орал қаласында орналасқан, № 1 учаскеден № 2 учаскесі 8 километр қашықтықта, №3 учаскесі қаладан 3-4 километр қашықтықта; №4 учаске (ОЛП негізгі өндірістік учаскесі) Орал қаласынан 80-90 километр қашықтықта Теректі ауданы аумағында орналасқан.

I. Тұтқындар контингенті:

Тексеру кезінде жеке лагерьлік пунктте 858 адамдық орынға 906 адам орналастырылғаны, оның ішінде 744/82,1% ерлер, 162/17,9% әйелдер екені анықталған. Перелимит 5,5% құрайды.

Статьялық белгісі бойынша ұсталатындардың саны: 58-10 бап бойынша-55 адам, 1947 жылғы 4 маусым жарлығы бойынша - 299, 1932 жылғы – 7 тамыз қаулысы бойынша- 56, 107 баппен-96, 166 баппен -23, 1940 жылғы 26 маусым жарлығы бойынша -28, РСФСР ҚК басқа баптары бойынша – 349 адам тұтқынды құрайды. Белгісі бойынша ұсталатындар 59 - 3/бандитизм/және 82 мен 58-14 баптармен тұтқындалғандар жоқ.

№12 Лагерлік пункт бастығы Мирошниченко мен бас бухгалтер, лейтенант Осетровтың 1951 жылы 1 қаңтарда берген түсініктемесінде лагердің құрылымы өзгергені көрінеді. 1951 жылы 1 қаңтарда

Сонымен қатар, бұған дейін лагердің барлық құжаттары мен есептері НКВД-ға ГУЛАГ-тың бас басқармасына тапсырылса, осы аталған құжаттан 1951 жылдан бастап лагерлердің есебі МВД-ға яғни Ішкі істер министрлігіне жолданғанын көреміз. Лагердің есебі бойынша 1951 жылы тұтқындар 3 лагерлік бөлімшеге орналасқан, олардың жалпы саны орташа есеппен – 797 адамды құрады. Бұл бөлімшелер лагердің орталық штабынан 12-90 км ара қашықтықта орналасқан. Тұтқындар негізінен бау-бақша өсіру, мал шаруашылығы жұмыстары мен қатар жұмыс күшін қажет ететін мекемелермен келісім – шарт негізінде қызмет көрсеткен.

Осылайша, өуғын-сүргін жылдарындағы КСРО НКВД-ның мәжбүрлі еңбекпен түзеу лагерлерінде тұтқындарды ұстау жағдайлары өте ауыр болды, көптеген әлеуметтік және тұрмыстық мәселелер ешқашан шешілмеді. Соған қарамастан, мәжбүрлі еңбекпен түзеу лагерлерінің тұтқындары облыстың ауыл шаруашылық және қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындарының жұмысын ұйымдастыруға баға жетпес үлес қосты, өндірісті тез қалпына келтіруді қамтамасыз етті және сол арқылы мемлекеттің экономикасын арттыруға үлкен үлес қосты.

Контингенттің еңбегін пайдалану

6 кесте - Тұтқындардың түрлі жұмыстарда еңбегін пайдалану есебі

<i>Атауы</i>	<i>жоспарланған</i>	<i>орындалған</i>	<i>Жылдық жоспар бойынша орындалуы</i>
Ақылы жұмыстарда пайдалану	693	557	80,3
Шаруашылық жұмыстарда пайдалану	123	78	63,4
Ауруына байланысты жұмыс жасамайтындар	30	24	30,6
Әр түрлі себептермен жұмысқа шықпайтындар	34	65	70,0
Акт бойынша мүгедектер	60	67	110,0
Норма бойынша орындалмаған шығындар	-	6	-
Барлығы	1050	797	76
Жұмысқа жарамды жалпы контингент пайызбен контингенту	77,0	80,0	104
Оның ішінде ақы төленбейтін жұмыс істеу	66,0	70,0	106

Кесте бойынша контингенттің жалпы саны жоспардың 76 пайызын құрағаны көрінеді. Контингентті ақылы жұмыстарда пайдалану аурулар мен жұмысқа шықпауды төмендету есебінен алты пайызға асыра орындалды.

Шаруашылықтың негізгі көрсеткіші бойынша өндіріс нормаларын орындау мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

7 кесте - Бір жұмыс істеген адамға күніне өндірістің жалпы сомасы бойынша бекітілген нормасы. Іс жүзінде жоспар бойынша орындалған:

	Жоспар бойынша	Іс жүзінде	Орындалған %
Лагер бойынша барлығы, оның ішінде	18,06	16-14	89,4
Ауыл шаруашылығында	17,39	15,80	90,8
Смета бойынша күрделі құрылыстарда	21,48	14,80	63,9
Басқа шаруашылық органдардың күрделі құрылысында	19,00	14,25	75,0
Басқа шаруашылық органдардың негізгі қызметінде	19,00	18,36	96,6

Кесте бойынша еңбек қызметінің категориялар бойынша пайдаланылуы:

Бірінші категория: 21,1 %

Екінші категория: 70,5 %

Оның ішінде мүлдем еңбекке жарамсыз: 10 %

Мүгедектер: 8,4 %

Барлығы: 100%

[7, 12-15]

Қазіргі кезде Оралдағы ИТК немесе Жеке лагерлік пункт №12 деп аталған жазалау мекемесі туралы жан-жақты зерттеу жұмыстары жергілікті лагер орналасқан ауылдар аумағында да жүргізілді. Әсіресе, БҚО Теректі ауданындағы Придорожный ауылының тұрғындарымен кездесіп, сұхбат жүргізілді. Придорожный ауылының кітапханашысы Жұмазия, мектеп мұғалімі Руслан Галиев және жұмыс тобының жетекшісі Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы ауыл тұрғыны, куәгер, зейнеткер Самиғолла Қажымұратов ағайдың көрсетуімен лагерь орнына экспедицияға шығып, барлау жүргізілді. Самиғолла ағай жұмыс тобын лагердің бөлімшесі Көбейсай ауылының орнына ертіп апарып, ондағы барактардың орындарын, мал шаруашылығының тұрғын жайларының қазіргі кезде бос қалған, бірақ сайрап жатқан іздері анықталып, тарихи орын картографияға түсірілді. Самиғолла ағайдың нағашысы К.Булатов ауылдың басшысы (управляющий) болып қызмет атқарған кезінде жаламен тұтқындалып, осында мал баққан, 1953 жылға дейін осы лагерде тұтқында болғаны, туыскандарының осы лагердің тұтқындары болғанын, итпен аңдыған лагердің әскери күзетшілердің әрекеттері, жазықсыз жазаланғандар (аштан өлмеуі үшін 1 кесе бидай алғаны үшін және т.б. түрлі жалалармен) туралы өзі білетін әңгімелерін айтып берді.

Жұмазия апай өзінің Ю-туб каналында аталған Придорожныйдағы лагерь туралы ақпарат шығарған. Сол видеоақпараттың көрермендерінің осы лагерде отырған тумалары туралы жазбалары (жазба қалдырғандардың бірі өзінің әкесі осы лагерде түрмеде отырғаны, оған анасымен бірге тамақ әкеліп тұрғанын жазған) бойынша да расталғанын, каналдың жазбаларының сақталғанын айтады.

Придорожный ауылының тұрғыны Шарафат Мырзахметұлы және оның зайыбымен кездесіп, аталған ауылдағы лагерде 1904 жылы дүниеге келген әкесі Мырзахметтің милиция күзетінде жұмыс жасағанын айтып берді. Шарафат аға отбасымен 1944 жылы Атырау облысынан Придорожный ауылына көшіп келеді. Әкесі өз еркімен соғысқа аттанып, одан 1944 жылы мүгедек болып оралғаннан кейін Придорожный ауылындағы лагерге милиция жасақталып жатқанын естіп, осында милиция күзетіне жұмысқа орналасады. Ең құндысы Шарафат ағай тұратын үйдің бір бөлігінде 40-шы жылдары лагердің конторасы, бухгалтериясы орналасқан екен, әлі күнге дейін осы ғимарат сақталған. Ағай мен оның зайыбы куәгер ретінде барлық көрген-білгенін, әкесі мен анасының естеліктерін толықтай айтып берді. Апайдың айтуынша Көбенсай деген жерде үлкен колония болып, сондағы тұтқын әйелдерді күн сайын таңмен жаяулатып, лагерь орталығы Придорожныйдағы бақша алып келіп кешке дейін жұмыс жасатады да, кешке қайтадан жаяу айдап әкетінін куәгерлердің өз аузынан естігенін жеткізді. Придорожный ауылында алма бақшасы, түрлі көкөністер капуста, картоп басқада түрлерін өсіретін үлкен бақша болған екен.

БҚО мемлекеттік архивінен табылған құжаттар лагерлердегі саяси тұтқындардың жағдайы ҚАРЛАГ жүйесі мен БҚО №12 лагер бөлімшесінің (ИТК №12) тұтқындарының мәселелерімен салыстырмалы анализ жасау үшін өте маңызды болып саналады. БҚО мемлекеттік архивінен 1947-1952 жылдар аралығындағы Қазақ КСР Ішкі істер министрлігіне қарасты №12 лагер бөлімшесінің (лагерное отделение) тоқсандық, жылдық есептері, шаруашылықтың қаржылық есептері, тұтқындардың жағдайлары,

тізімі, басқа да статистикалық деректер табылып, ол өңірімізде жүргізілген саяси қуғын-сүргіннің қаншалықты ауқымды әрі жоспарлы жүргізілгенін жан-жақты зерттеуге, анықтауға мүмкіндік береді. БҚО мемлекеттік архивінен барлығы №1582 қордан 12 томдық іс-құжат анықталып, врд нұсқада жинаққа енгізілді.

Архив құжаттары бойынша №12 Жеке лагерлік пункттің №1,2,3 бөлімшелері қала маңында, ал №4 бөлімшесі 1949 жылғы бір құжаттарда Көбенсай деп, ал 1950 жылғы екінші құжаттарда [8, 58-72 пп] Богдановкада оналасқан деп көрсетілген.

Қорытынды. Қорытындылай келе, 2023 жылдың 27 мамырында БҚО Теректі ауданының Придорожный ауылына қарасты Сталинка, Көбенсай елді мекендерінде орналасқан Жеке лагерлік пункт ИТК-12 ерлер және әйелдер лагерінің орны құжаттармен расталды. Нәтижесінде, орталығы Придорожный ауылында орналасқан Сталинка және Көбенсайдағы ерлер және әйелдер лагерлерінің орындары анықталып, картографияға түсіріліп, куәгерлер мағлұматтары мен архив құжаттары толықтай сәйкестендіріліп, дәлелденді.

Жалпы, Қазақстан тарихында НКВД-ның қарамағындағы лагерлер жүйесінде ең ірі тармақтары Қарлаг пен Батыс Қазақстандағы (Прорвалаг, Актөбелаг, БҚО аумағындағы бірнеше лагерлік бөлімшелер) еңбекпен-түзеу лагерьлері болып саналады. Қазақстандағы алғашқы лагерьлерді құруға бірнеше геосаяси факторлар әсер етті. Мысалы, Қазақстанның орталығы мен батысы – Жайық бойы мен Ұлытау аймағы тау-кен, металлургиялық өндірістер мен ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру үшін елді мекендері сирек, табиғи ресурстарға бай өлке саналады. КСРО-ның орталық аймақтарынан алыс орналасқан Қазақстанның бұл аймақтарының кең даласында тұрғылықты халықты туған топырағынан күштеп ығыстыру және адамдардың өлім-жітімі есебінен лагерлер салудың бас жоспарының тез арада орындалуына ыңғайлы еді.

Ол үшін кеңестік үкімет жергілікті билікке аудандар бойынша тәркіленуге жататын шаруашылықтардың тізімдерін жасауды тапсырды; қауіпсіздік қызметкерлері қуғын-сүргін үшін «антикеңестік элементтерді» тандап, қарсылық көрсеткендерді тұтқындап, сенімсіздерін анықтады; жұмысты жетекші комиссиялар мен «үштіктердің» мүшелері атқарды (1930 жылы толық емес мәліметтер бойынша КАССР ОГПУ үштіктері арқылы 8115 адам өткен) [9, 82 б].

Лагерлерде қылмысы үшін сотталған тұтқындардан басқа, әскери тұтқындар мен саяси қылмысы үшін қамалған тұтқындар еңбекпен түзеу лагерінде түрлі ауыр қызметтерді атқарған. Бұл туралы И.М.Козыбаевтың «Большой террор» в Казахстане» еңбегінде көптеген құжаттар берілген. Жинақталған құжаттар қазақ жеріндегі ГУЛАГ жүйесіндегі лагерлердің қызметі мен оның құрамындағы еңбекпен түзету лагерлерінің аумағы, тұтқындар жағдайы басқа ауқымды мәселелерді ашып көрсеткен. Мысалы еңбектің «По Актюбинской области» бөлімшесінде «Начальнику Уральского РО – 30 ноября последняя тройка. От вас будет рассмотрено 18 дел. Из них по окраскам: нац. к-р -3, повстанческая-10, фашистская-5. Предупреждаю дела другим окраскам рассмотрены не будут. Обеспечьте точное количество окраскам указанным выше №1171» [10, 216 б.] – деген нұсқау берілсе, келесі құжаттарда оларды аталған айыптарды мойындатудың түрлі айла-тәсілдері жазылған.

1934 жылы 10 шілдеде НКВД-ның (народный комиссариат внутренних дел) құрылуына байланысты ОГПУ жойылды. НКВД-ның түрлі басқармаларының ішінде ГУЛАГ-тың орны ерекше болды. «1932 жылы елімізде ГУЛАГ-тың 11 еңбекпен түзеу лагері (ИТЛ), 1940 жылдың басында НКВД-ның құрылыс лагерлері деп аталған 53 лагерь, 425 еңбекпен түзеу колониялары болды» [11, 19 б]. Жалпы, ХХ ғасырдың 20 жылдары басталған мемлекеттік қуғын-сүргін саясаты 30-40 жылдары өзінің шарықтау

шегіне жетті. Оның зардаптарын бұрынғы Кеңестер үкіметінің құрамында болған барлық республикалардың халықтары көрді [12] және әлі күнге дейін жазықсыз жазаланып лагерлерге тоғытылған жандардың ұрпақтары іздестіру жұмыстарын тоқтатқан жоқ.



1 сурет - Жеке лагерлік пункттің Көбенсайдағы бөлімшесінің қазіргі орны.
2023 жылы 27 мамырда түсірілген.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» ҚР Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Жарлығы [Текст] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000456>

2 История сталинского ГУЛАГа. Конец 1920-х – первая половина 1950-х годов. Сборник документов в 7-ми томах. Т.1. Массовые репрессии в СССР [Текст] / Отв. Ред. Н.Верт, С.В. Мироненко. Отв.сост. И.А.Зюзина. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2004. – 728 с.

3 Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві //бұдан әрі БҚО МА қор №1582, тізбе 1, іс №3, 21-22 пп.

4 БҚО МА қор №1582, тізбе-1, іс №5, 5-8 пп.

5 БҚО МА қор №1582, тізбе 1, іс №3, 41 п.

6 БҚО МА қор №1582, тізбе 1, іс №9, 2 п.

7 БҚО МА қор №1582, тізбе 1, іс №8, 12-15 пп.

8 БҚО МА қор №1582, тізбе 1, іс №5, 58-72 пп.

9 Киндлер, Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Р. Киндлер [пер.с нем. Л.Ю.Пантиной] – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – 382 с.

10 Козыбаев, И.М. «Большой террор» в Казахстане [Текст] / И.М. Козыбаев. – Алматы: «Раритет», 2019. – 366 с.

11 Абылхожин, Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. [ГУЛАГ в годы ВОВ. // Военно-исторический журнал, 1991, № 1. С.19. в книге] / Ж.Б. Абылхожин. – Алматы: Университет «Туран», 1997. – 360 с.

12 Тайны национальной политики ЦК РКП. «Червертое совещание ЦК РКП с ответственными работниками национальных республик и областей в г.Москве 9-12 июня 1923 г.». [Текст] / Стенографический отчет. – Москва: «ИНСАН», 1992.

REFERENCES

- 1 «Sayasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegi memlekettik komissiya turaly» KR Prezidentinin 2020 zhylygy 24 karashadagy 456 Zharlygy [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated November 24, 2020 No. 456 "On the state commission for the full rehabilitation of victims of political repression"] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000456> – (In Kaz)
- 2 Istoriya stalinskogo GULAGa. Konec 1920-x – pervaya polovina 1950-x godov. Sbornik dokumentov v 7-mi tomax T.1. Massovye repressii v SSSR [The history of the Stalinist Gulag. The end of the 1920s – the first half of the 1950s. Collection of documents in 7 volumes. Vol. 1. Mass repressions in the USSR]. M. «Rossijskaya politicheskaya enciklopediya» (ROSSPE"Н), (2004): 728 s. – (In Rus)
- 3 Batys Kazakstan oblystyк memlekettik arxivi budan ari BKO MA kor 1582 tizbe 1 is 3 21-22 pp.
- 4 BKO MA kor 1582 tizbe-1 is 5 5-8 pp.
- 5 BKO MA kor 1582 tizbe 1 is 3 41 p.
- 6 BKO MA kor 1582 tizbe 1 is 9 2 p.
- 7 BKO MA kor 1582 tizbe 1 is 8 12-15 pp.
- 8 BKO MA kor 1582 tizbe 1 is 5 58-72 pp.
- 9 Kindler R. Stalinskie kochevniki vlast i golod v Kazaxstane [Stalin's Nomads: Power and famine in Kazakhstan]. M. Politicheskaya enciklopediya, (2017): 382 s. – (In Rus)
- 10 Kozybaev I.M. «Bolshoj terror» v Kazaxstane [The "Great Terror" in Kazakhstan]. Almaty «Raritet», (2019): 366 s. – (In Rus)
- 11 Ocherki sotsial'no-ekonomicheskoi istorii Kazakhstana. GULAG v gody VOV. Voenno-istoricheskii zhurnal, 1991, № 1. S.19. v knige [Essays on the socio-economic history of Kazakhstan. [The GULAG during the Second World War. Military Historical Journal, 1991, No. 1. p.19. in the book]. AlmatyUniversitet «Turan», (1997): 360 s – (In Rus)
- 12 Tajny nacionalnoj politiki CK RKP. «Chervertoe soveshhanie CK RKP s otvetstvennymi rabotnikami nacionalnyx respublik i oblastej v g.Moskve 9-12 iyunya 1923 g.» [Secrets of the national policy of the Central Committee of the Russian Communist Party. "The fourth meeting of the Central Committee of the Russian Communist Party with responsible workers of the national republics and regions in Moscow on June 9-12, 1923."]. Stenograficheskij otchet. Moskva «INSAN», 1992. – (In Rus)

ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВАЯ КОЛОНИЯ №12 УРАЛЬСКОГО РЕГИОНА

Аннотация. В статье рассматриваются документы о лагерях, относящихся к системе ГУЛАГ по Западно-Казахстанской области в 30-50-х годах XX века, в том числе об отдельном лагерном пункте №12, найденных в отделе секретных фондов областного архива. Создание и деятельность отдельного лагерного пункта №12 и подведомственных ему правовых учреждений, расположенных в селе Придорожное Теректинского района ЗКО, изучаются впервые, рассекречены секретные архивные документы и впервые вводятся в научный оборот. В статье изложена политика массового заключения в тюрьму тех, кто сопротивлялся советской власти и цель использования их труда в качестве «рабсилы» на строительных площадках советского народного хозяйства.

По содержанию научной статьи документы, найденные в государственном архиве ЗКО, свидетельствуют о том, что положение политзаключенных в лагерях должно быть сопоставимо проанализировано с проблемами заключенных системы КАРЛАГ и отделения лагеря №12 ЗКО (ИТК №12).

В государственном архиве ЗКО найдены квартальные, годовые отчеты отделения лагеря №12 Министерства внутренних дел Казахской ССР за 1947-1952 годы, финансовые отчеты хозяйства, условия содержания заключенных, списки и другие статистические данные, которые позволяют всесторонне изучить, определить, насколько масштабными и планомерными были проведены политические репрессии, проводимые в нашем регионе.

Ключевые слова. ГУЛАГ, политические репрессии, лагеря, Западно-Казахстанская область, народное хозяйство.

CORRECTIONAL LABOR COLONY №12 OF THE URAL REGION

Abstract. The article examines documents about camps belonging to the Gulag system in the West Kazakhstan region in the 30-50s of the twentieth century, including about a separate camp point No. 12, found in the department of secret funds of the regional archive. The creation and activities of a separate camp point No. 12 and its subordinate legal institutions located in the village of Pridorozhnoye in the Terektinsky district of the West Kazakhstan region are being studied for the first time, secret archival documents have been declassified and are being introduced into scientific circulation for the first time.

The article outlines the policy of mass imprisonment of those who resisted the Soviet government and the purpose of using their labor as "manpower" on the construction sites of the Soviet national economy.

According to the content of the scientific article, the documents found in the state archive of the West Kazakhstan Region indicate that the situation of political prisoners in the camps should be analyzed comparably with the problems of prisoners of the KARLAG system and the department of camp No. 12 of the West Kazakhstan Region (ITC No. 12).

The state archive of the West Kazakhstan Region contains quarterly and annual reports of the department of camp No. 12 of the Ministry of Internal Affairs of the Kazakh SSR for 1947-1952, financial reports of the farm, conditions of detention of prisoners, lists and other statistical data that allow for a comprehensive study, to determine how large-scale and systematic the political repressions carried out in our region were.

Key words. The GULAG, political repression, lagers, West Kazakhstan region, national economy.